



Алматы қаласы

2019 жылғы 26-29 наурыз

Баспасөз хабарламасы

ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Алматы қаласының Оқушылар сарайында Балалар музыка мектептері және өнер мектептерінің білім алушылары – жас музыканттардың 52 республикалық фестиваль-байқауы өткізіледі.

Бүгінгі таңда музыкалық шығармашылықпен 180 музыка мектебінде, 135 өнер мектептерінде 80 мыңнан астам оқушы айналысады.

Фестиваль-байқау классикалық және заманауи өнердің үздік үлгілерін меңгеру және орындау арқылы білім алушы тұлғасының рухани мәдениетін қалыптастыру, балалар музыка мектептерін және өнер мектептерін дамыту, олардың бала тұлғасын тәрбиелеу, оқыту және шығармашылығын дамытудағы рөлін арттыру, сондай-ақ музыкалық халық аспаптарын насихаттау, жас музыканттардың орындаушылық шеберлік деңгейлерін жетілдіру және дамыту мақсатында өткізіледі.

Фестиваль-байқауға қазақ және орыс халық аспаптары бөлімінде оқитын білім алушылар – жеке орындаушылар (*домбыра, қобыз, қыл қобыз, шертер, баян, аккордеон, домра, балалайка, гитара*), қазақ және орыс халық аспаптары ансамбльдері – Фестиваль-байқаудың облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалық кезеңдерінің жеңімпаздары қатысады. Қатысушылардың жалпы саны – 400 адам.

Фестиваль-байқау білім алушылардың эстетикалық, адамгершілік және отансүйгіштік сезімдерін тәрбиелеуге, балалардың түрлі музыкалық аспаптарда орындаушылығын насихаттауға, ұжымдық музыка ойнау формасын дамытуға және жетілдіруге, балалардың тұлғасын тәрбиелеу, оқыту және шығармашылық дамытудағы балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің рөлін арттыруға, ұжымдар мен педагогтердің өзара тәжірибе алмасуына ықпал етуге бағытталған.

Фестиваль-байқау барысында педагогтер мен білім алушыларға қазақ және орыс халық аспаптары сыныптары бойынша шеберлік сыныптар көрсетіледі.

Фестиваль-байқаудың нәтижесі бойынша барлық қатысушыларға сертификаттар, жеңімпаздарға дипломдар мен сыйлықтар, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар табысталады.

Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондарға хабарласуға болады:
+ 7 (7172) 64 27 19; 64 27 32; e-mail: rumcdo.muz@mail.ru